

Үй жануарларын жаюға қызмет көрсететін және жануарлар мен құстарға арнап дайын жем-шөп сататын жеке тұлғаларға берілетін бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 10 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық Әділет басқармасында 2007 жылдың 1 қарашада № 3-3-49 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 маусымдағы № 5 шешімімен

Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 маусымдағы № 5 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23-қаңтарындағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29-қарашадағы № 534 «Бір жолғы талондар беру Ережелерін бекіту туралы» Бұйрығы, Қазақстан Республикасы Кіріс Министрінің 2001 жылғы 30-қазандағы № 1469 Бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты және Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 373-бабы негізінде аудандық мәслихаттың сессиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 1. Үй жануарларын жаюға қызмет көрсететін жеке тұлғаларға берілетін бір жолғы талондардың құны № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Жануарлар мен құстар үшін дайын жем-шөп сататын жеке тұлғаларға берілетін бір жолғы талондардың құны № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қалалық, селолық әкімдіктеріне және Алға ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы **А. Біржановқа** жүктелсін.

4. Осы шешім аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өтіп, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық Мәслихат

Аудандық Мәслихат

сессиясының төрайымы:

хатшысы:

Г. Есенова

А. Қайрошев

Алға аудандық мәслихаттың 2007 жылдың
17 қазандағы ІІ
сессиясының № 10 шешіміне сәйкес
№ 1 қосымша

Үй жануарларын жайғаны үшін салынатын бір жолғы талондардың құны.

№		Бақташылар дың үй жануар ларын бағатын айлары	Жануарлар түрі	Бақташыға бағуға берілген жануарлар саны	Ай сайынғы бір жолғы талон құны (теңге)
1	Қала	6 ай	Ірі қара	100-ге дейін	800
2	Қала	6 ай	Ірі қара	200 дейін	1600
3	Қала	6 ай	Ірі қара	300 ден жоғары	2400
1	Ауыл	6 ай	Ірі қара	100 дейін	600
2	Ауыл	6 ай	Ірі қара	200 дейін	1200
3	Ауыл	6 ай	Ірі қара	300 ден жоғары	1800

Алға аудандық мәслихатының
2007 жылғы 17 қазандағы
екінші сессиясының № 10 шешіміне
№ 2 қосымша

Алға ауданы бойынша жем-шөп сатуға салынатын бір жолғы талондардың құны.

№№	Округ	Үй жануарлары ның жем-шөп түрі	Өлшем бірлігі	Ай сайынғы бір жолғы талон құны (теңге) (Бір машина шөпке шаққанда 3 тонна шамасында)
1.	Қала, село	Буылған шөп	1 тонна	900
		Бос шөп	1 тонна	900
		Арпа	1 тонна	1020
		Жем жармасы	1 тонна	600